# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 7 ақпан № 7527-24-00-2/212 Алматы қаласы

Алматы каласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов сот ғимаратында талап арыз бойынша азаматтық істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараған

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 119 бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Freeman» (Қаппар С.Н.) жеке кәсіпкері

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**

ҚР АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 119 бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорның талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Freeman» (Қаппар С.Н.) жеке кәсіпкері 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 48 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Freeman» (Қаппар С.Н.) жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Документ подписан: Утепов К. Т., 10.02.2024
Дата вступления в законную силу: 19.03.2024, судья Утепов К. Т., 14.04.2024
7527-23-3-1/19948

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

**Судья** **К.Т.Өтепов**

Документ подписан: Утепов К. Т., 10.02.2024

Дата вступления в законную силу: 19.03.2024, судья Утепов К. Т., 14.04.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7527-23-3-1/19948